

## Әлеуметтік желі мен ЖИ — мүмкіндіктер ме, әлде тәуелділік пе?

Бүгінгі күні таңертең көзімізді ашқан сәттен бастап, ұйқыға жатқанға дейін қолымыздан түспейтін бір дүние бар — ол смартфон, ал оның ішіндегі ең көп уақыт алатыны — әлеуметтік желілер. *Instagram* мен *TikTok* — қазіргі жастардың күнделікті өмірінің бір бөлшегіне айналды. Бірақ бұл платформалар бізге не береді және неден айырады?

*Instagram* бізге әдемі кадрлар мен жарқын өмірлерді ұсынады. *TikTok* — қысқа әрі қызықты видеолар арқылы танымал болудың жаңа жолын ашты. Алайда осының бәрі бізді кейде виртуалды өмір мен шынайы өмірді шатастыруға мәжбүр етеді. Уақыттың қалай өтіп кеткенін байқамай қалу, өз өмірімізді өзгелермен салыстыру, лайк пен пікірге тәуелді болу — бұл тек үстірт көрінетін қиындықтар ғана.

Соңғы жылдары жасанды интеллект (ЖИ) те желілердің бір бөлігіне айналды. ЖИ арқылы фото өңдеп, мәтін жазып, тіпті видеолар жасап жүрміз. Ол — шығармашылықты дамыту үшін таптырмас құрал. Дегенмен, ЖИ-ға арқа сүйеу адамның өзіндік ойлау қабілеті мен түпнұсқалығын әлсіретуі мүмкін. «Бәрін ЖИ жасай береді» деген түсінік қалыптаса бастады.

Тағы бір өзекті мәселе — ақпараттық ластану. Әлеуметтік желілерде жалған ақпарат, манипуляциялық контент көбейіп барады. Бұл әсіресе жасөспірімдердің психологиясына кері әсерін тигізеді. Сондықтан цифрлы әлемде өмір сүретін әрбір адамға ақпаратты сүзгіден өткізу, сыни ойлау және цифрлық гигиена маңызды бола бастады. Ал ЖИ-ға келер болсақ, ол біздің өмірімізді оңайлатқаны рас. Алайда ЖИ-дың ар жағында адамзаттың жеке мәліметтері мен құпиялылығы жатыр. Біз өз деректерімізді бөлісіп, алгоритмдердің бізді бақылауына жол ашып отырмыз. Бұл да бір ескерілетін жайт.

Айтпағым мынау, *Instagram* мен *TikTok* — шығармашылық пен еркін ой айтуға жол ашатын кеңістік. Ал ЖИ — болашақтың басты технологиясы. Бірақ барлығы адамның ниетіне, мақсатына және саналы қолдануына байланысты. Сандық әлемге тәуелді болмай, оны саналы түрде басқару — ХХІ ғасыр жастарының басты міндеті.